



Автор: НУРМАГАНБЕТОВА ЖАДЫРА ЖАКСЫЛЫКОВНА

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Заттардың агрегаттық күйлерінің өзгеруі

Тақырып: Физикалық және химиялық құбылыстар. №3 Зертханалық жұмыс "Химиялық құбылыстарды зерттеу белгілері"

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.3 Физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
Сабақтың мақсаты:	- «физикалық және химиялық құбылыстар» анықтамасын білу, түсіну; - химиялық реакциялардың белгілерін білу; - физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату;
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: физикалық және химиялық құбылыстарды, химиялық реакциялардың белгілері; Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Физикалық құбылыс – бұл құбылыс негізінде... Химиялық құбылыс – бұл құбылыс негізінде... Химиялық реакция белгілері:.....
Күтілетін нәтиже:	- «физикалық және химиялық құбылыстар» анықтамасын біледі; - химиялық реакциялардың белгілерін біледі; - физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата біледі; - физикалық және химиялық құбылыстарды қандай негізгі белгілері бойынша ажыратылуын түсіндіреді; Оқушылар орындай алады: - Ауызша нысандағы хабарлама топпен/жүппен физикалық және химиялық құбылыстарды қандай негізгі белгілері бойынша ажыратылуын түсіндіреді;
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық арқылы топта/жүпта жұмыс жасау; Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Біліктерін дамыту, талдау, қорытынды жасау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint презентациясымен жұмыс жасау;
Пәнаралық байланыс:	физика
Бастапқы білім:	7.1А Химияға кіріспе. Элементтер, қосылыстар мен қоспалар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал орнату оқушылар сабаққа сәттілік тілейді. – оқушылармен бірге сабақ мақсатын анықтау Қоршаған ортада болып жатқан әр түрлі өзгерістер мен құбылыстар заттарға да сипат алады. Бізді қоршаған ортадағы өзгерістер мен құбылыстарға мысалдарды қарастырсақ, бұл құбылыстар физикалық және химиялық болып келеді. Бүгін өткізілетін сабақтың мақсаты физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату Күнделікті тұрмыста болып жатқан құбылыстарды еске түсіру.Бейнебаян көрсетіледі. Сіріңкені сындырып, тұзды ұнтату,мұз кесегін көрсету. Балалар бұл құбылысты физикалық құбылыс екенін айтады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар		
Сабақтың ортасы	<p>Демонстрация: Химия кабинетінің мүмкіндіктерін ескере отырып, басқа да құбылыстарды көрсету. Оқушыларды топқа бөліп тапсырма беріледі. Бірінші топқа физикалық құбылыс, екінші топқа химиялық құбылыс тапсырмалары беріледі. Күнделікті өмірде кездесетін физикалық құбылысқа 5 мысал келтіру. Талқылау жұмысы топта жүргізіледі. Күнделікті өмірде кездесетін химиялық құбылысқа 5 мысал келтіру. Талқылау жұмысы топта жүргізіледі. Физикалық құбылыс кезінде заттардың табиғаты өзгермейді, тек олардың агрегаттық күйі мен пішіні өзгереді, жаңа зат пайда болмайды. Бір заттың екінші бір затқа айналуы химиялық құбылысқа жатады. Қандай сыртқы белгілері бойынша біз химиялық құбылысты физикалық құбылыстан ажыратамыз? Демонстрация: Химиялық реакциялардың белгілері: 1) Түсінің өзгеруі 2) Тұнбаның түзілуі 3) Жағымсыз иістің пайда болуы 4) Газдың бөлінуі 5) Жарық пен жылудың бөлінуі</p>			
Сабақтың соңы	<p>№3 Зертханалық жұмыс "Химиялық құбылыстарды зерттеу белгілері" а) Сілті ерітіндісіне бірнеше тамшы фенолфталеин тамшылатып қосыңыз. Байқалған құбылыс? б) Барий хлоридіне натрий сульфаты ерітіндісін құю. Байқалған құбылыс? в) Мыс купоросы ерітіндісіне сілті ерітіндісін қосу. Байқалған құбылыс? г) Ас содасының аз мөлшеріне қышқыл ерітіндісін қосу. Не байқалды? д) Сіріңкені жағып, 2-3 секундтан кейін сөндіріңіз. Не байқалды? (абайлаңыздар!!!) (Қалыптастырушы бағалау) Кестені толтырыңыздар</p> <table border="1" data-bbox="316 842 1137 898"> <tr> <td data-bbox="316 842 738 898">физикалық құбылыстар</td> <td data-bbox="746 842 1137 898">химиялық құбылыстар</td> </tr> </table> <p>Темірдің таттануы, судың қатуы, бензиннің жануы, алюминийдің балқуы, сүттің ашуы, табадағы тамақтың күюі, қардың түзілуі, жұмыртқаның шіруі, спирттің жануы, қағаздың тозуы, майшамның жануы. Өз таңдауларыңызға түсінік беріңіз.</p>	физикалық құбылыстар	химиялық құбылыстар	
физикалық құбылыстар	химиялық құбылыстар			
Рефлексия	<p>Рефлексия: - не білдім, нені үйрендім - не түсініксіз болды - қандай қателіктермен жұмыс істеуім керек Үй жұмысы: Эссе «Физикалық және химиялық құбылыстардың маңызы» Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады. Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</p>			